1161	Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыс / income in the form of insurance premiums payable under insurance contracts of risks arising in the Republic of Kazakhstan
1162	Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыс / income in the form of insurance premiums payable under reinsurance contracts of risks arising in the Republic of Kazakhstan
1170	халықаралық тасымалдау қызметтерін көрсетуден алынған табыс / income from the provision of international transportation services
1180	теңіз тасымалдау шарты (келісім-шарт) бойынша сталий уақытынан тыс тиеу-түсіру операциялары кезінде кеменің бос тұруына төленетін ақы түріндегі табыс / income in the form of demurrage (payment for vessel delay during loading and unloading operations beyond laytime stipulated in a maritime transportation contract)
1190	Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбырлар, электр беру желілері, талшықты-оптикалық байланыс желілері арқылы пайдалану табысы / income derived from the operation of pipelines, power transmission lines, fiber-optic communication lines located in the territory of the Republic of Kazakhstan
1200	резиденттер немесе жұмыс беруші болып табылатын резидент еместермен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттар) бойынша Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғаның табысы / income of an individual non-resident from activities in the Republic of Kazakhstan under an employment agreement (contract) concluded with a resident or non-resident employer

1210	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек иммигрантына рұқсат негізінде жасалған еңбек шарты бойынша еңбек иммигранты-резидент еместің табысы / income of a non-resident labor immigrant under an employment contract concluded in accordance with the Labor Code of the Republic of Kazakhstan based on a work permit granted to the labor immigrant
1220	резидентке қатысты басқарушылық міндеттерді орындауына байланысты басқару органының (директорлар кеңесі немесе өзге орган) мүшелері болып табылатын тұлғалар алатын сыйақылар және (немесе) өзге де төлемдер, мұндай міндеттерді нақты қай жерде орындағанына қарамастан / remuneration of a director and/or other payments to members of a management body (board of directors or other body), received in connection with the performance of management duties in respect of a resident, regardless of the place of actual performance of such duties
1230	резидент немесе жұмыс беруші болып табылатын резидент еместер тарапынан резидент еместерге Қазақстан Республикасында тұруына байланысты төленетін үстемақылар / allowances paid to an individual non-resident in connection with residence in the Republic of Kazakhstan by a resident or non-resident employer
1240	жұмыс берушіден алынған материалдық пайда түріндегі резидент еместің Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табысы / income of an individual non-resident from activities in the Republic of Kazakhstan in the form of material benefit received from the employer
1250	жұмыс беруші болып табылмайтын тұлғадан алынған материалдық пайда түріндегі резидент еместің табысы / income of an individual non-resident in the form of material benefit received from a person other than the employer
1260	резидент болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорымен жүзеге асырылатын зейнетақы төлемдері / pension payments made by a resident accumulative pension fund
1270	театр, кино, радио, теледидар әртісі, музыкант, суретші, спортшы және Қазақстан Республикасында мәдениет, өнер және спорт саласында қызмет атқаратын өзге де резидент емес жеке тұлғаның табысы, төлемдердің қалай және кімге жүзеге асырылатынына қарамастан / income of an artist of theater, cinema, radio, television, musician, artist, athlete and other individual non-resident from activities in the Republic of Kazakhstan in the field of culture, art and sports, regardless of the method and recipient of such payments
1280	ұтыс түріндегі табыс / income in the form of winnings
1290	Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызметтер көрсету нәтижесінде алынған табыс / income from the provision of independent personal (professional) services in the Republic of Kazakhstan
1300	өтеусіз негізде немесе мұрагерлік бойынша алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілген қызметтер түріндегі табыс, резидент емес жеке тұлға резидент жеке тұлғадан өтеусіз алған мүлікті қоспағанда / income in the form of gratuitously received or inherited property, including works and services, except for gratuitously received property by an individual non-resident from an individual resident
1310	туынды қаржы құралдары бойынша табыс / income on derivative financial instruments
1320	бейрезидент болып табылатын сенімгерлік басқару құрылтайшысының атынан салық міндеттемесін орындау Қазақстан Республикасында жүктелмеген резидентке берілген мүлікті сенімгерлік басқаруға беру кезінде алынған табыс / income received from the transfer of property to a resident under trust management, where the resident is not liable for fulfilling the tax obligation in the Republic of Kazakhstan for the non-resident who is the settlor of the trust
1330	ислам банкіне орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс / income on an investment deposit placed with an Islamic bank
1340	Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынатын өзге де табыстар / other income arising from activities within the territory of the Republic of Kazakhstan
1341	мынадай түрдегі: өтеу мерзімі жиырма төрт айдан аспайтын қаржылай қарыз талаптарында белгіленген мерзімдерде өтелмеген немесе ішінара өтелмеген негізгі борыш мөлшерінде алынған қаржылай қарыз түріндегі (банктік қарызды қоспағанда) кірістер.Егер қаржылай қарыздың талаптарында қаржылай қарыздың негізгі борышын өтеу графигі көзделсе, қаржылай қарыздың негізгі борышын өтеу графигіне сәйкес бейрезиденттің резидент алдында орындамаған әрбір міндеттеме кіріс деп танылады;өтеу мерзімі жиырма төрт айдан асатын, бірақ алпыс айдан аспайтын қаржылай қарыз талаптарында белгіленген мерзімдерде өтелмеген немесе ішінара өтелмеген негізгі борыш мөлшерінде алынған қаржылай қарыз (банктік қарызды қоспағанда) түріндегі; өтеу мерзімі алпыс айдан асатын, негізгі борыш мөлшерінде алынған қаржылай қарыз (банктік қарызды қоспағанда) түріндегі; резидент алған және Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жердегі шетел банкіндегі шотқа есепке жатқызылған қаржылай қарызды (банктік қарызды қоспағанда) өтеу мақсатында резидент жүзеге асыратын төлемдер түріндегі; қаржылай қарыздың талаптары бойынша мұндай қарызды өтеу Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жердегі шетел банкіндегі шотқа жүзеге асырылатын, бейрезидентке қаржылай қарыз (банктік қарызды қоспағанда) беру мақсатында жүзеге асырылатын төлемдер түріндегі; резидент үлестес емес бейрезидентке беретін, талаптары бойынша қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделмеген қаржылай қарызды (банктік қарызды қоспағанда) беру жөніндегі төлем сомасына орташа нарықтық мөлшерлемені көбейту жолымен есептелетін сома түріндегі кірістер / Income in the form of: a financial loan received (excluding a bank loan) in the amount of the outstanding or partially outstanding principal debt within the term established by the conditions of the financial loan, where the repayment term does not exceed twenty-four months. In cases where the conditions of the financial loan provide for a repayment schedule of the principal debt, income shall be recognized as each obligation unfulfilled by the non-resident to the resident in accordance with the repayment schedule; a financial loan received (excluding a bank loan) in the amount of the outstanding or partially outstanding principal debt within the term established by the conditions of the financial loan, where the repayment term exceeds twenty-four months but does not exceed sixty months; a financial loan received (excluding a bank loan) in the amount of the principal debt where the repayment term exceeds sixty months; payments made by a resident for repayment of a financial loan (excluding a bank loan) received and credited to an account in a foreign bank located outside the Republic of Kazakhstan; payments made for the provision of a financial loan (excluding a bank loan) to a non-resident, under which repayment of such loan will be made to an account in a foreign bank located outside the Republic of Kazakhstan; an amount calculated by multiplying the average market rate by the amount of payment for the granting of a financial loan (excluding a bank loan) provided by a resident to a non-affiliated non-resident, where the terms of the loan do not provide for the payment of interest for the use of the loan

Бөлім. Бейрезидент жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат түрлерінің кодталуы / Section. The coding of kinds of the document proving the identity of the physical non-resident person

0 1	шет ел азаматының төлқұжаты / the passport of the foreigner
0 2	шет ел азаматының жеке куәлігі (ішкі төлқұжат) / the identification card of the foreigner (the internal passport)
0 3	теңізшінің төлқұжаты / the passport of the seaman
0 4	азаматтығы жоқ адамның куәлігі / the certificate of the person without citizenship

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 694 бұйрығына
2-қосымша
нысан

_____
(көрсетілетін қызметті алушының тегі,
аты,

_____
әкесінің аты (егер жеке басын

_____
куәландыратын құжатта көрсетілсе)

_____
(бұдан әрі – Т.А.Ә.) не атауы және
өкілінің Т.А.Ә.)

_____
(мекенжайы)

Қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде төленген табыс салығын бюджеттен қайтаруға өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім

20__ жылғы "___" _____

_____

(шешім қабылдаған мемлекеттік кірістер органының атауы) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 699-бабы 9-тармағына сәйкес қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде төленген табыс салығын бюджеттен қайтаруға өтінішті қараудан бас тартады

_____

(өтініш берген бейрезиденттің Т.А.Ә. немесе толық атауы)

_____

(бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірі немесе оның аналогы (ол болған кезде))

_____

(өтініштің күні мен нөмірі)

келесі негіздер бойынша:

_____

_____

_____

_____

Бұл ретте Салық кодексінің 699-бабың 9-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік кірістер органының өтінішті қараудан бас тартуы, егер жіберілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт негізінде төленген жеке табыс салығын бюджеттен қайтару туралы өтінішпен Салық кодексінің 699-бабы 8-тармағында белгіленген мерзім шегінде қайта жүгінуге кедергі болып табылмайды.

Мемлекеттік кірістер органының
басшысы (басшы орынбасары) _____ _____
(Т.А.Ә.) (қолы)
Мөрдің орны
Қызметті алушы алды: _____ _____
(Т.А.Ә. не атауы бейрезидент (қолы)
және өкілінің Т.А.Ә.)
Осы шешімді алған күні: 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 694 бұйрығына
3-қосымша

нысан

_____
(көрсетілетін қызметті алушының тегі,
аты,
_____
әкесінің аты (егер жеке басын
_____
куәландыратын құжатта көрсетілсе)
_____
(бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе атауы және
өкілінің Т.А.Ә.)
_____
(көрсетілетін қызметті алушының
мекенжайы)

Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару туралы шешім

20__ жылғы "___" _____

_____
(шешім қабылдаған мемлекеттік кірістер органының атауы)

_____
(өтініш берген бейрезиденттің Т.А.Ә. немесе толық атауы)

_____
бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірі немесе

_____
оның аналогы (бар болған кезде)

_____
(өтініштің нөмірі мен күні)
қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде төленген табыс салығын бюджеттен қайтаруға өтінішті қарау нәтижелері бойынша _____ сомасында табыс

(қайтаруға жататын табыс салығының сомасы)

салығын _____ қайтару туралы шешіпм қабылдады.

(толығымен немесе бір бөлігін)

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 700-бабы 8-тармағына сәйкес салық агенті (салық төлеуші) тұрған жерінде тіркелген мемлекеттік кірістер органы бейрезидентке Салық кодексінің 11-тарауының 1-параграфында айқындалған тәртіппен бюджеттен табыс салығының сомасын қайтаруды осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органының

басшысы (басшы орынбасары) _____ _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

Мөрдің орны

Қызметті алушы алды: _____ _____

(Т.А.Ә. не атауы бейрезидент (қолы)

және өкілінің Т.А.Ә.)

Осы шешімді алған күні: 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 694 бұйрығына
4-қосымша

нысан

_____
(көрсетілетін қызметті алушының тегі,
аты,
_____
әкесінің аты (егер жеке басын
_____
куәландыратын құжатта көрсетілсе)
_____
(бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе атауы және
өкілінің Т.А.Ә.)
_____
(көрсетілетін қызметті алушының
мекенжайы)

Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешім

20__ жылғы "___" _____

_____

(шешім қабылдаған мемлекеттік кірістер органдарының атауы)

_____

(өтініш берген бейрезиденттің Т.А.Ә. немесе толық атауы)

_____

бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірі немесе

_____

оның аналогы (бар болған кезде)

_____ (

өтініштің нөмірі мен күні)

қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде

төленген табыс салығын бюджеттен қайтаруға өтінішті қарау нәтижелері

бойынша өтінішті қараудан мына негіздер бойынша бас тартады:

_____

_____

_____

Мемлекеттік кірістер органының

басшысы (басшы орынбасары) _____ _____

(Т.А.Ә.) (қолы)

Мөрдің орны

Қызметті алушы алды: _____ _____

(Т.А.Ә. не атауы бейрезидент (қолы)

және өкілінің Т.А.Ә.)

Осы шешімді алған күні: 20__ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 12 қарашадағы
№ 694 бұйрығына
5-қосымша

"Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 699, 700 және 701-бабына, сондай-ақ "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы "Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

3. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтің көрсетілу сатысы туралы деректерді уәкілетті орган бекіткен тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оларды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына және " электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жолдайды.

4. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қызметтер көрсету барысында пайдаланылатын ақпараттық жүйелерде ақаулар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақауларды жоюды және тиісті уәкілетті тұлғаларды 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабардар етуді қамтамасыз етеді.

2-тарау. "Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

5. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шартқа сәйкес бюджеттен төленген табыс салығын қайтару туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – өтініш) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мына тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада (бұдан әрі – Тізбе) баяндалған.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген жағдайда, оның ұсынған құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі қабылдап, оларды құжаттарды өңдеуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жолдайды.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері оларды портал арқылы, Қазақстан

Республикасының "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Заңына сәйкес уәкілетті лауазымды тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжаттар түрінде алады.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушыға ұсынылған құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде, егер көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаса немесе мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынса, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат береді, көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі .

Мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген жағдайда, өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға ұсынған кезде , Мемлекеттік корпорацияның қызметкері оларды қабылдайды, тексереді және курьерлік байланыс арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

6. Құжаттарды қабылдауға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, ұсынылған құжаттарды тексеруді және тіркеуді жүзеге асырады (егер көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс немесе мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Ұсынылған құжаттардың толықтығы анықталған жағдайда, құжаттарды өңдеуге жауапты қызметкер Салық кодексінің 700-бабының 2, 3, 4 және 5 тармақтарына сәйкес:

басқа мемлекеттік кірістер органдарына, уәкілетті мемлекеттік органдарға, шет мемлекеттердің құзыретті органдарына, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға қажетті ақпарат беру туралы, сондай-ақ салықты қайтарып алуға байланысты мәселелер бойынша бейрезидентке сұрау салулар жібереді;

Салық кодексінің 700-бабының 5 және 6-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Салық кодексінің 15-тарауында айқындалған тәртіппен бейрезиденттің өтініші негізінде төленген табыс салығын бюджеттен қайтару мәселесі бойынша тақырыптық тексеру жүргізеді;

бейрезидентті оның талап қоюдың ескіру мерзімі кезеңінде салықтық міндеттемелерді орындауы және Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің болуы не болмауы тұрғысынан кешенді салықтық тексеру жүргізуге сұрау салуды бейрезиденттің Қазақстан Республикасында құрылымдық бөлімшесі тұрған жердегі салық органына жібереді (егер бейрезиденттің Қазақстан Республикасында құрылымдық бөлімшесі бар болса);

өтініші қаралып жатқан бейрезиденттің резиденттік елінің құзыретті органына салық агенті мен бейрезиденттің өзара қатынастары туралы ақпарат беру жөнінде сұрау салу жібереді (салық агенті таратылған (қызметі тоқтатылған), банкрот болған жағдайда).

7. Көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім (бұдан әрі – өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім) беріледі.

Салық кодексінің 699-бабы 9-тармағында көрсетілген жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінішті қараудан бас тартады және бас тарту себептерін көрсетеді.

Қызмет көрсетуге бас тарту негіздері Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайда, қызметті беруші құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушыны қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім және алдын ала шешімге қатысты өзінің пікірін білдіруге мүмкіндік алу үшін тыңдау уақыты мен орны (немесе тәсілі) туралы хабардар етеді.

Құжаттарды қағаз түрінде ұсынған көрсетілетін қызметті алушыға тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет туралы шешім қабылданар алдында кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарламадан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтеді.

Құжаттарды ұсынған көрсетілетін қызметті алушыны тыңдаудың нәтижелері бойынша хаттама толтырылады.

Егер көрсетілетін қызметті беруші өтінішті Салық кодексінің 699-бабы 9-тармағының 2), 3) және 4) тармақшасында көрсетілген себептер бойынша қараудан бас тартса, көрсетілетін қызметті алушы Салық кодексінің 699-бабы 8-тармағында белгіленген мерзім ішінде түзетілген бұзушылықтарды жойған жағдайда өтінішті қайта тапсыра алады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қараған нәтижесінде төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жеке табыс салығын толық немесе ішінара қайтару туралы, осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – қайтару туралы шешім);

2) жеке табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы, осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – қайтарудан бас тарту туралы шешім).

Шешім жазбаша түрде рәсімделеді және басшы немесе оның орынбасары қол қояды .

9. Көрсетілетін қызметті беруші қайтару туралы шешім қабылдағанда, ұсынылған өтініште халықаралық шарттар бойынша қайтарылуға тиісті жеке табыс салығы сомасы көрсетіліп, өтініш басшы немесе оның орынбасарының қолы және мемлекеттік кірістер органы мөрімен расталады.

Қайтаруды жүргізу үшін көрсетілген қызметті алушы бейрезидент көрсетілетін қызметті алу өтінішінде салықты қайтару қажет болатын банктің толық атауын және банктің резиденттік елі кодын көрсетеді.

Салықты қайтару Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан шетелдік банктердегі шоттарға жүргізілуі мүмкін.

Қайтаруды жүргізу үшін қызметті беруші жеке табыс салығын қайтару туралы реестрді қазынашылық органдарына жібереді, ол жерде сома өтініште көрсетілген валютаға конвертацияланып, бейрезиденттің шотына аударылады.

10. Дайын құжаттарды беру Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады, жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электронды құжатты көрсеткен кезде өкіл Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген өкілдің уәкілеттіліктерін көрсететін құжатты ұсынады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік қызмет нәтижесін алмаса, қызмет көрсетуші құжаттарды қабылдау орнында олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация құжаттарды 1 (бір) ай бойы сақтап, содан кейін оларды әрі қарай сақтау үшін қызмет көрсетушіге қайтарады.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) айдан кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұранысы бойынша қызмет көрсетуші дайын құжаттарды 1 (бір) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жібереді, ол жерде олар көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Заңға сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша:

басшының атына көрсетілетін қызметті берушінің;

салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым беріледі.

13. Шағым көрсетілетін қызметті алушының мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін тұлға Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағым көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен құжаттар тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағымдар мекенжайына беріледі көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның атына беріледі.

Қызмет көрсетуші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толығымен қанағаттандыратын шешім не басқа әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, қаралатын шағымды шағымды қарайтын органға жібермеуге негіз бар. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіпте шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - органдар) – қызмет көрсетуші).

2	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.
		1) берілген сәттен бастап көрсетілетін қызметті алушымен (бейрезидентпен) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шартқа сәйкес бюджеттен төленген табыс салығын қайтару туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – өтініш) құжаттар пакетімен бірге ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қаралады. Бұл ретте өтінішті қарау мерзімі кезеңге тоқтатыла тұрады: бейрезиденттің өтініші негізінде төленген табыс салығын бюджеттен қайтару мәселесі бойынша тақырыптық тексеру жүргізу; жіберілген күннен бастап көрсетілетін қызметті берушімен сұрау салу: басқа мемлекеттік кірістер органдарына, уәкілетті мемлекеттік органдарға, шет мемлекеттердің құзыретті органдарына, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға қажетті ақпаратты ұсыну туралы, сондай-ақ бейрпезидентке салықты қайтаруға байланысты мәселелер бойынша; бейрезидентті оның талап қоюдың ескіру мерзімі кезеңінде салықтық міндеттемелерді орындауы және Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің болуы не болмауы тұрғысынан кешенді салықтық тексеру жүргізуге сұрау

3	Мемлекеттік органның қызметтер көрсету мерзімдері	салуды бейрезиденттің Қазақстан Республикасында құрылымдық бөлімшесі тұрған жердегі салық органына (егер бейрезиденттің Қазақстан Республикасында құрылымдық бөлімшесі бар болса) ; елдің құзыретті органына резиденттіктің өтініші қаралып жатқан бейрезиденттің салық агенті мен бейрезиденттің (салық агенті таратылған (қызметі тоқтатылған), банкротқа ұшыраған жағдайда) өзара қарым–қатынастары туралы ақпаратты ұсынуы туралы - осындай сұрау салуға жауап алынған күнге дейін; осы бұйрыққа 2–қосымшаға сәйкес өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім шығару (бұдан әрі – өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім) - алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушімен құжаттар пакеті бар өтініштер; төлем көзінен ұсталған табыс салығын бұйрықтың 3–қосымшасына сәйкес толық немесе ішінара қайтару туралы шешім қабылдау (бұдан әрі – қайтару туралы шешім) немесе бұйрықтың 4–қосымшасына сәйкес төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешім қабылдау (бұдан әрі - қайтарудан бас тарту туралы шешім) - 20 (отыз) жұмыс күні ішінде.екісатылы) алған күннен бастап жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушімен құжаттар пакеті бар өтініштер; бюджеттен табыс салығының сомасын қайтару жүргізіледі көрсетілетін қызметті берушіменорналасқан жері бойынша салық агенті (салық төлеуші) Кодексте көзделген тәртіппен тіркелген – қайтару туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең

		ұзақ уақыты көрсетілетін қызметті алушымен мемлекеттік корпорацияға – 15 (он бес) минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорациямен – 15 (он бес) минут.
4	Мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны	Қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі	1) қайтару туралы шешім; 2) қайтарудан бас тарту туралы шешім; 3) осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім. Мемлекеттік қызметті көрсету Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабының нормаларын сақтай отырып жүзеге асырылады.
6	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін қызмет алушылардан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін ұсынылады.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және	1) көрсетілетін қызметті берушінің – дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.30-дан 18.00-ге дейін, қоспағанда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мерекелер туралы Заң). Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі. 2) Мемлекеттік корпорацияда – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері мереке және демалыс күндерін

	ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00 -ден 13.00-ге дейін еңбек кодексіне және мерекелер туралы заңға сәйкес күндер. Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз электрондық кезек тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады; Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары келесі мекенжайларда орналастырылған интернет-ресурста: 1) көрсетілетін қызметті берушінің www.kgd.gov.kz; 2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz.
		Көрсетілген қызмет алушы (табыс пен мүлікке (капиталға) салық салуда қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтарудың алдын алу туралы Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық шарттар (конвенциялар) жасасқан мемлекеттердің резиденті) қызмет көрсетушіге жүгінген жағдайда: 1) өтініш; 2) жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге немесе өзге де мақсаттарға келісімшарттардың (шарттардың, келісімдердің) көшірмелері; 3) бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат; 4) алынған кірістер мен ұсталған, төленген салықтардың сомасын растайтын бухгалтерлік немесе өзге де құжаттардың көшірмелері; 5) қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері; 6) бейрезидент Қазақстан Республикасының аумағында осындай мақсаттар үшін жалдаған жұмыскерлер немесе басқа да персоналдар арқылы жұмыстар орындаған, қызметтер көрсеткен жағдайда – осындай жеке

			тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарының және олардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімдерін растайтын құжаттардың көшірмелері; 7) өтінішті заңды тұлға берген жағдайда қосымша: құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері не құрылтайшыларды (қатысушыларды) және бейрезидент-заңды тұлғаның мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан үзінді көшірмелер қоса берілуге тиіс. Бейрезиденттің шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлердің тізілімінде) немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта тіркеу бойынша міндеттемесі болмаған жағдайда осындай бейрезидент салық агентіне: бейрезидентті құруға негіз болған, құқықтық (заңдық) күшін осындай бейрезидент тіркелген шет мемлекеттің тиісті органы растаған құжатты (актіні); не қатысушысы бейрезидент болып табылатын шоғырландырылған топтың ұйымдық құрылымын көрсететін, оның барлық қатысушылары мен олардың географиялық орналасқан жерін (шоғырландырылған топ қатысушылары жасалған (құрылған) мемлекеттердің (аумақтардың) атауын) және барлық шоғырландырылған топ қатысушыларының мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлері көрсетілген өзге де құжатты ұсынады.

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан талап етілетін құжаттар мен ақпараттардың тізімі		Өтінішті жеке тұлға ұсынған жағдайда жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі қосымша ұсынылады. Бейрезидент депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша алынған кірістерден табыс салығын қайтарып алуға өтінішті ұсынған кезде өтінішке мынадай құжаттарды: 1) өтініш; 2) мыналарды: бейрезиденттің атауын немесе тегін, атын және әкесінің атын; депозитарлық қолхаттардың саны мен түрі туралы ақпаратты; бейрезиденттің жеке басын куәландыратын құжаттың атауын және деректемелерін (жеке тұлға үшін), бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірін немесе оның баламасын (ол болған кезде), бейрезиденттің мемлекеттік тіркелу нөмірін және күнін (заңды тұлға үшін) қамтитын орталық депозитарийден алынған шоттан үзінді көшірмені; 3) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар эмитентінің акционерлері жалпы жиналысының бір акция есебінен дивидендтің мөлшерін және дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күнді көрсете отырып, белгілі бір кезең үшін дивидендтер төлеу туралы шешімін; 4) келіп түскен дивидендтердің сомалары бойынша валюта шотынан үзінді көшірмелерді; 5) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша кірістерді түпкілікті (нақты) алушы (иеленуші) болып табылатын бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжатты қоса береді. Бейрезидент құн өсімінен алынған кірістерден табыс салығын

